

## 1993 жылы туған азаматтарды аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру пунктiне тiркеу туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкiмiнiң 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 38 шешiмi. Әдiлет департаментi Қызылқоға ауданының әдiлет басқармасында 2009 жылғы 25 желтоқсанда N 4-5-116 тiркелдi

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шiлдедегi № 74 "Әскери мiндетгiлiк және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына сәйкес **ШЕШЕМIН:**

1. 1993 жылы туған азаматтарды аудандық қорғаныс iстерi жөнiндегi бөлiмнiң шақыру пунктiне тiркеу 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында өткiзiлсiн.

2. 1993 жылы туған азаматтарды әскери есепке тiркеу үшiн № 1 қосымшаға сәйкес тiркеу комиссиясы құрылсын.

3. Аудандық емханаға (С. Тайшыбай - келiсiм бойынша) аудандық медициналық комиссияны жергiлiктi емдеу мекемелерiндегi тиiстi дайындығы, тәжiрибесi бар дәрiгерлермен, сондай-ақ, шақыру участкелерiн қажеттi дәрi-дәрмекпен, құралдармен және медициналық мүлiкпен қамтамасыз етудi бақылауға алып, тiркеу комиссиясының құрамындағы медициналық комиссияны дәрiгерлермен және медбiбiлермен қамтамасыз ету ұсынылсын (№ 2 қосымша).

4. Барлық селолық, ауылдық округ әкiмдерi мен мектеп директорларына тiркелушi азаматтарды қажеттi құралдармен, құжаттарын түгендеп, әскери есеп жөнiндегi мамандары мен мектеп бойынша бастапқы әскери дайындық пәнiнiң жетекшiлерi аудандық қорғаныс iстерi жөнiндегi бөлiмнiң белгiленген уақытта әкелудi тапсырамын (№ 3 қосымша).

5. Мемлекеттiк санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының Қызылқоға аудандық бөлiмiне (Г. Дәулетқалиева - келiсiм бойынша) тiркелушi азаматтардың бруцеллез ауруынан тазалығын анықтауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Аудандық iшкi iстер бөлiмiне (I. Хамзин - келiсiм бойынша) тiркеу пунктiне және көшеде қоғамдық тәртiптi сақтаудың шараларын алу, белгiленген мерзiмде шақыру участкелерiне келмеген адамдарды шұғыл iздестiру және аудандық қорғаныс iстерi жөнiндегi бөлiмге жеткiзу, сондай-ақ азаматтардың тiркеуден жалтару әрекеттерiн болдырмау жөнiнде аудандық қорғаныс iстерi жөнiндегi бөлiммен (А. Рамазанов - келiсiм бойынша) бiрлесiп жұмыс жасау ұсынылсын.

7. Осы шешiмнiң орындалысын қадағалау аудан әкiмiнiң орынбасары Б.

Ш а я х м е т о в к е

ж ү к т е л с і н .

8. Осы шешім алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Б. Сәрсенғалиев*

Аудан әкімінің 2009 жылғы

11 желтоқсандағы № 38 шешіміне

№ 1 қосымша

## 1993 жылы туған азаматтарды әскери есепке тіркеу

### КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Рамазанов Асылбек Бағытжанұлы - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);  
Тұрдағалиев Жәнібек Жауқашұлы - аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының

о р ы н б а с а р ы ;

К о м и с с и я

м ү ш е л е р і :

Көшерғалиев Парасат Нұрсайынұлы - аудандық ішкі істер бөлімі

бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Тайшыбай Самат Сәрсенұлы - аудандық емхана бас дәрігері (келісім б о й ы н ш а ) ;

Жұмабаева Мейрамгүл - аудандық емхана медбибісі, комиссия хатшысы (келісім бойынша);

Аудан әкімінің 2009 жылғы

11 желтоқсандағы № 38 шешіміне

№ 2 қосымша

### Қызылқоға ауданының дәрігерлік комиссиясына қатынасатын дәрігерлер тізімі

№ р/с	Аты-жөні	Қызметі	Қосымша
1	Бисенова Айгүл Өтебалықызы	дәрігерлік комиссия төрайымы, дәрігер невропатолог;	
2	Акжамалова Жаниба Кубеновна	дәрігер-психиатр;	
3	Асанова Светлана Ғатауқызы	дәрігер-стоматолог;	
4	Әбділдиева Гүлнар Молдашқызы	дәрігер-дерматовенеролог; дәрігер-рентгенолог;	
5	Бисенғали Нәби Қойбағарұлы	дәрігер-оториноларинголог;	
6	Елешов Аманжол Түгелбайұлы	дәрігер-терапевт;	

7	Жаңабаева	Жанар	Амангелдіқызы	дәрігер-фтизиатр;
8	Көбенова	Қарлығаш	Бағытқызы	дәрігер-офтальмолог;
9	Курманова	Гульвира	Бағытжанқызы	дәрігер-хирург;
10	Тайшыбай	Сейфолла	Саматович	6 адам;
11	М е д б и б і л е р			- аудандық емхана медбибісі, комиссия хатшысы
12	Жұмабаева Мейрамгүл			

### Аудан әкімінің 2009 жылғы

11 желтоқсандағы № 38 шешіміне

№ 3 қосымша

### Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру пунктіне келу кестесі

Р/с	Селолық және ауылдық округтер	Саны	Келетін уақыты
1	Миялы селолық округі		11.01.2010 ж.
2	Жангелдин ауылдық округі		12.01.2010 ж.
3	Ойыл ауылдық округі		13.01.2010 ж.
4	Көздіғара ауылдық округі		14.01.2010 ж.
5	Тасшағыл ауылдық округі		15.01.2010 ж.
6	Жамбыл ауылдық округі		18.01.2010 ж.
7	Қызылқоға ауылдық округі		19.01.2010 ж.
8	Сағыз ауылдық округі		20.01.2010 ж.
9	Мұқыр ауылдық округі		21.01.2010 ж.
10	Тайсойған ауылдық округі		19.01.2010 ж.
11	Қосымша күндер		22.01.2010 ж.
	БАРЛЫҒЫ:		